

**Степногорск қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 4С-18/8 " Степногорск қаласы және кенттердегі бір жолғы талон мен белгіленген салық мөлшерлемесінің құн көлемін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2011 жылғы 4 қарашадағы № 4С-45/4 шешімі. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 2 желтоқсанда № 1-2-150 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 28 ақпандағы № 5С-13/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 28.02.2013 № 5С-13/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық Кодексі) 422 бабының 2 тармағына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. Степногорск қалалық мәслихатының «Степногорск қаласы және кенттердегі бір жолғы талон мен белгіленген салық мөлшерлемесінің құн көлемін бекіту туралы» 2009 жылғы 31 наурыздағы № 4С-18/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-2-111 болып тіркелген, 2009 жылғы 29 мамырда «Степногорск ақшамы» және «Вечерний Степногорск» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауы жаңа редакцияда баяндалсын:  
«Степногорск қаласы және кенттерде бір жолғы талондардың құнын және тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы»;  
көрсетілген шешімнің 3 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы С.Гамастинов

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң

хатшысы Ғ.Көпеева

КЕЛІСІЛДІ

Степногорск қаласының әкімі

А.Никишов

«Степногорск қаласы бойынша  
Салық басқармасы» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Д.Бекболатов

Степногорск

қалалық

мәслихатының

2011

жылғы

4 қарашадағы

№

4С - 45 / 4

шешіміне қосымша

Степногорск

қалалық

мәслихатының

2009

жылғы

31 наурыздағы

№

4С - 18 / 8

шешіміне 3 қосымша

### Тіркелген салық ставкалары

р/с №	Салық салу объектісінің атауы	Айында (айлық есептік көрсеткішімен) салынатын тіркелген салық ставкасының мөлшері
1	Бильярд үстелі	5
2	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
3	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
4	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
5	Ойын жолы	15
6	Карт	2